

Ілияс Жансүгіров. Ақын өмірінің соңы

Бүгін «қазақ поэзиясының Құлагері» деп мойындалған ақын, тамаша прозик, драматург, сатирик, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің туған күні. Қазақ Сәкен мен Ілияс, Бейімбет үшеуін «Үш бәйтерек» деп бөле-жармай, тұтас атаған, төбесіне көтерген. Солай дей тұрғанмен, Алаш ақтандақтарын айқын ашып, бірінен бірін кеш қалдырмай, бірінен бірін ерте оздырмай, таразы басын тең ұстағанда бұл үштіктің төрт тарабы түгенделер ме еді! Өкініштісі сол, Сәкен туралы сөз айту арқылы қызғаныш туғызбаймыз, алайды шындыққа тура қарасақ, Бейімбет пен Ілиясты зерттеп-зерделеу ісінде кемшіндік барын ғалымдар да айтып жүр. Тіпті бәрін қойғанда да Ілиястың өмірі мен шығармашылығының сан-саласын қамтыған, барлық жағынан зерттеген монографиялық еңбек мынау деп көрсете қоятындай дүние тапшы, жоқтың қасы.

Алайда осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында кейінгі кезде ғалым, зерттеуші Мұратбек Иманғазинов ілиястану ғылымына үлкен ізденістер жасап, айтулы тұлға шығармашылығының туған ұлтымен жаңаша танысуына зор еңбек сіңіріп жүргенін мойындау керек. Біздің ілгерідегі ойымыз туралы да ғалым: «Ілияс замандастары ішінде «тонның ішкі бауындай» болып кеткен тағдырлас Сәкен Сейфуллиннің өмірі жөнінде кітап филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Кәкішевтің авторлығымен «Тамаша адамдар өмірі» сериясы бойынша Мәскеуден 1984 жылы кітап болып шықты, Кейін қазақ тілінде жарық көрді. Бейімбет Майлиннің «Тамаша адамдар өмірінен» сериясы бойынша 90-жылдардың басында өзіміздің жерлесіміз, филология ғылымының кандидаты, әдебиетші-ғалым - Тоқтар Бейісқұловтың авторлығымен жарық көрді. Ал, Ілиястың өміріне қатысты бұл сериямен кітап шықпақ түгілі ғұмырнамалық (автобиографиялық) фактілері нақты анықталып болмаған. Бұл, әрине, өкінішті жайт», – деп қынжыла баяндайды.



Дей тұрғанмен, Илиястың өмірі мен шығармашылық лабораториясының ауқымдылығы, кеңдігіне байланысты әрі алдағы 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай тағдырлы тұлғаның өмірінің бізге мәлім де беймәлім соңғы сәттеріне көз жүгіртсек дейміз.

Ақынның соңғы кезде қалай және қайде жерде ұсталғанын, оны ұстап әкеткен адамдар жайлы оның ұлы Саят «Азаттық» радиосының тілшісі Өміржан Әбдіхалықұлына берген сұхбатында былай дейді: «Әкем ол уақытта Жазушылар одағын (1937) басқарған. Қазақтың салтымен жаз шыға таудың бөктерінде киіз үй тігіп, сонда дем алады екен. Сол жақтан ұстап әкеткен. Қаладағы үйін тінтіп, құжаттарын, шығармаларын алып кеткен. Кейбір шығармаларының қайда екені әлі күнге белгісіз». Бұдан ары ақын шығармаларын тінтіп, жинап, арбаға салып әкетіп бара жатқанында Сапарғали Бегалиннің «Құлагер» поэмасын алып қалғанын, кейін оны Ф. Ғабитоваға тапсырғанын айтады.

Илиястың өмірінің ақырғы кезіне дәлел бола алатын екі құжат бар: ол Илиястың қайтыс болғандығы мен атылу мерзімі көрсетілген анықтама қағаз. Бұл құжаттар Талдықорғандағы ақын атындағы музей экспонаттары

қатарында тұр. Ресми құжаттардың біріншісі «1947 жылы 19 көкекте қайтыс болғандығы», оны Алматы қаласының №2 бөлімшесінің Халық соты 29 мамыр 1957 жылы берген. Алайда осындай тағы бір анықтама қағазды 1961 жылы 22 наурыз күні берген. Екіншісі: 1957 жылы 12 сәуірде Совет Одағының жоғарғы соты әскери коллегиясы анықтама берген қағазында «Ілияс Жансүгіровтің 1938 жылы 26 ақпан күні атылғандығын» растайды.



Міне, осындай екі түрлі анықтамадан кейін ел-жұрт түгілі ақын туыстары, ұрпақтары қайсысына сенерін білмей, әрі-сәрі күйге түскен. Әкелерінің қай жерде жерленгенін біле алмай, дал болған балалары бұл жайды анықтау үшін бірақ әуре-сарсаңға түсуге тура келеді. Бұл жағдайды ұрпақтарымен сөйлесіп, барлық жайға қанық ғалым М. Иманғазинов: «Сол тұста «Мира-83» үйде тұратын Ілиястың отбасына бір белгісіз адам келіп (қазан айы 1955 жыл): «Мен қамаудан жуырда босадым, Сібірде әкелеріңмен бірге болдым. Көп ұзамай аман-есен босап келеді. Мені сол кісі жіберіп еді», – деп дүрліктірді. Әлгі адамды жақсы қарсы алып, дәмді, жылы-жұмсақ тағамды алдына тосады. Қаражаттың жоғына қарамастан, ол адамға киім-кешек әпереді. Сөйтіп, әлгі адамның асты-үстіне түсіп, бәйек болып қалады. Бір күні Хоппижамал (Ф. Ғабитованың шешесінің сіндісі) төрде тұрған Ілияс пен Біләлдің суретін көрсетіп, «қайсысымен қамауда болып едің» дегенде, әлгі бейбақ Біләлдің суретін көрсетеді. Содан ол адамға сенімсіздік туып, оны Фатимаға айтқанда, Фатима Хоппижамалға ұрысады. Сол күннен бастап белгісіз адам көрінбей кетеді. Екі-үш ай өткенде әлгі адамды көшеде көрген Фатима бас салып ұстап үстіндегі Болаттың пальтосын шешіп алып қалады», – деп баяндайды. Зерттеуші ғалым бұжан кейінгі ізденістерде ақын ұрпақтары, замандастары мен архив құжаттарының негізіндегі деректердегі

ала-құлалыққа, сан тарау жауаптарға кезігіп, қайран қалғанын жазады. Илиястың бертінге дейін өмір сүріп келгені туралы шындыққа бергісіз оқиғалар кім-кімді де тебіrentпей қоймас еді. Айталық, Сәкен мен Мағжанның айналасындағы әңгімелер де осындай бір халықтың сағынышынан, аңсауынан, ғажайып ұлдарынан көз жазып қалмауын қатты тілейтін тілеуден туғанындай. Сәкен мен Мағжанды, Міржақып пен Ахметті қалай іздесе, Илияста да солай іздеді. Өліміне де сенбеді. Осылай «Илиясты соғыстан кейін көрдік. Ол кісімен Сібірде жолыққанымызда көзі соқыр болып қалыпты, тіпті ауылына келіпті, соны сезген НКВД қызметкерлері байлап-матап қайтадан алып кетіпті» деген қауесеттер әлі де өрттей лаулап, қу шөптей қаулап жүре берер ме еді?!

СТРОГО СЕКРЕТНО **ПОДЛЕЖИТ ВОЗВРАТУ В 48 ЧАС.** 117
Снятие копий воспрещается (Пост. ПБ от 8 мая 27 г. пр. № 100, п. 6)
Кому послана *Г. Фришвенкину* (Пост. П. 5. № 55 п. 391)
3. XII. 37.

ШИФРОВКА

Из: **АЛМА-АТА** отправлена **18-30 1.XII** 1937 г. Поступила в ЦК ВКП
на расшифрование **1.XII** 1937 г. ч **22** м. - Вх. № **2748/Ш**

МОСКВА ЦК ВКП(б) тов.СТАЛИНУ.

По антисоветским элементам нам было предоставлено право репрессировать по первой категории 8 тысяч человек и по второй категории 8 тысяч человек. Сейчас эти лимиты почти полностью использованы - мы должны к 10 декабря окончательно зачистить и покончить с активным антисоветским элементом. По этим двум категориям активного повстанческого, диверсионного и шпионского элемента нами изъято по ликвидированным организациям и группам на 1600 человек больше установленного лимита.

Для полной зачистки остатков мы просим разрешить нам дополнительно репрессировать по первой категории 600 человек и по второй категории 1 тысячу человек.

СЕКРЕТАРЬ ЦК КП(б) КАЗАХСТАНА МИРЗОЯН.

Расшифрована **2.XII** 1937 г. в ч. **10** м. **36** Напечатано **5** экз. Козлов.
аф

ИЗВЛЕЧЕНИЕ ИЗ ИНСТРУКЦИИ:

1. Шифротелеграмма должна храниться только в секретах хранения.
2. При составлении текст шифротелеграммы воспрещается указывать, что шифруемый текст является шифром, также воспрещается указывать и номера шифровок.
3. Ответ на шифровку составляется также в шифрованном виде, текст переданного шифром сообщения составляется копией и в виде оригинала только в одном экземпляре, который и передается на шифровку.

Осы кезде Қазақстан үкіметін басқарған Л. Мирзоянның Сталинге жолдаған құпия хаты жарияланып, көпшіліктің талқысына түсті. 1937 жылдың 2 желтоқсанында «аса құпия» деген таңбамен жолданған хатта «қоғамға жат элементтерді тазалау үшін» 1600 адамды атуға лимит сұрағаны – тарихтың бетіне жазылған, мәңгілікке таңбаланған қара дақ. Қазақ халқы мұны «Мырзажан» дер еркелетіп, төбеге көтеріп, бір қаласына есіміне беріп, ұлық тұтып жүрсе, мұның іздегені, істегені ешкімге ақтай алмайтын жауыздық, қаны сорғалап тұрған зұлымдық. Сол хаттан кейін 1938 жылдың ішінде қазақ интеллигенцияның ірі қаймақтары атылып, сотталған. Ілияс Жансүгіровтің 1938 жылы ақпанның 26-күні қаза болғаны нақты дерек ретінде ескеруіміз керек. Егер де атың өшкір (расында да қазіргі кезде берілген көшелер Мирзоян есімі алыну үрдісі жүріп жатыр) зымиянның хаты болмағанда тарих таразы басқаша төңкеріліп, ұлт зиялыларының жер бетінде алшаңдап жүруі әбден мүмкін еді. Сондықтан жоғарыда келтірілген екі құжаттың біріне, яғни «1957 жылы 12 көкекте Кеңес Одағының Жоғарғы Соты әскери коллегиясы берген анықтама қағазы Ілияс Жансүгіровтің 1938 жылы 26-ақпан айында қаза болғандығын» растайтын деректі нақты деп қабылдаймыз да, екінші анықтама қағазының күмәнді болуына байланысты ғалым М. Иманғазинның зерттеулеріне ден қоямыз.

1937 жылы 5 тамыз күні жікшілдер мен шаш ал десе, бас алатын қаныпезерлердің кесірінен қамауға алынып, 1938 жылы 26 ақпан күні ату жазасына бұйырылады.

Тек 1957 жылы 12 көкекте жазықсыз жазаға ұшырап, республикада отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болған аса көрнекті қазақ ақыны, жазушы,

журналист Ілияс Жансүгіров толықтай ақталып, туған халқымен қауышады.

Форма № 30

СПРАВКА

Военная Коллегия
Верховного Суда
Союза ССР

12 апреля 1957 г.
№ 4Н-020725/56
Москва, ул. Вороньего, д. 13.

Дело по обвинению ДЖАНСУТУРОВА Ильяса, до ареста работавшего председателем Союза советских писателей Казахстана, пересмотрено Военной Коллегией Верховного Суда СССР 4 апреля 1957 года. Приговор Военной коллегии от 26 февраля 1938 года в отношении ДЖАНСУТУРОВА И. по вновь открывшимся обстоятельствам отменён и дело за отсутствием состава преступления прекращено. ДЖАНСУТУРОВ И. реабилитирован посмертно.

ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВУЮЩИЙ СУДЕБНОГО СОСТАВА
ВОЕННОЙ КОЛЛЕГИИ ВЕРХОВНОГО СУДА СССР
ПОЛКОВНИК ЮСТИЦИИ

П. Лихачёв
/П.ЛИХАЧЁВ/

33

RFE/RL

«Ал жерленген жері Алматының шығыс жағында орналасқан Талғар ауданының «Жаңалық» ауылы. 2500 адам жерленген жер біршама үлкен екен. Міне, кеш болса да, ақын сүйегінің қайда жатқандығы анықталды», – дейді ілиястанушы ғалым М. Иманғазинов.

Заңғар КӘРІМХАН